

## Капиталдың халықаралық рыноктарында орналастырылатын мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссиясы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 3 наурыз N 352

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңының 4-бабына сәйкес және 2000 жылға арналған республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен капиталдың халықаралық рыноктарында орналастырылатын мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссиясын 200-500 (екі жүз-бес жүз) миллион АҚШ долларына бара-бар жалпы сомаға жүзеге асыруды, сондай-ақ оларды орналастырудан түскен қаражаттың республикалық бюджетке түсуін қамтамасыз етсін.

2. Қоса беріліп отырған:

капиталдың халықаралық рыноктарында орналастырылатын мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының жетекші менеджерін таңдауға арналған ведомствоаралық комиссияның құрамы;

капиталдың халықаралық рыноктарында орналастырылатын мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының заң кеңесшісін таңдауға арналған ведомствоаралық комиссияның құрамы бекітілсін.

3. Көрсетілген комиссияларға заңдарда белгіленген тәртіппен тендер өткізу және капиталдың халықаралық рыноктарында орналастырылатын мемлекеттік бағалы қағаздардың алдағы эмиссиясының жетекші менеджері мен заң кеңесшісін таңдау тапсырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі капиталдың халықаралық рыноктарында мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырудан республикалық бюджетке түсетін қаражаттың есебінен алдағы эмиссияға қызмет көрсету жөніндегі жетекші менеджерге, заң кеңесшісіне және халықаралық рейтингтік агенттіктерге комиссиялық сыйақы төлеуге арналған шығыстарды көздесін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы

Үкіметінің атынан шығарудың және өтеудің мерзімін, шарттарын айқындай отырып, капиталдың халықаралық рыноктарында орналастырылатын мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссиясына байланысты келіссөздер жүргізсін және құжаттарға қол қойсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 3 наурыздағы  
N 352 қаулысымен  
бекітілген

Капиталдың халықаралық рыноктарында  
орналастырылатын мемлекеттік бағалы қағаздар  
эмиссиясының заң кеңесшісін таңдауға арналған  
ведомствоаралық комиссияның  
құрамы

Сәйденов Әнуар Ғалимоллаұлы - Қазақстан Республикасының  
Қаржы вице-министрі, төраға

Құзытбаева Ажар Қилымбекқызы - Қазақстан Республикасының  
Әділет вице-министрі

Әбдіқалыков Қанат Әлімбайұлы - Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі  
Заң қызметі департаментінің  
директоры

Дунаев Арман Ғалиасқарұлы - Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік қарыз алу  
департаменті директорының  
міндетін атқарушы

Рахымбеков Боран Ғизатұлы - Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігі Тіркеу  
қызметі комитетінің төрағасы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 3 наурыздағы  
N 352 қаулысымен  
бекітілген

Капиталдың халықаралық рыноктарында  
орналастырылатын мемлекеттік бағалы қағаздар  
эмиссиясының жетекші менеджерін таңдауға арналған  
ведомствоаралық комиссияның  
құрамы

Өтембаев Ержан Әбілхайырұлы - Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары, төраға

Есенбаев Мәжит Төлеубекұлы - Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

Жолдасбеков Азамат Мырзаданұлы - Қазақстан Республикасы  
Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық  
комиссиясының төрағасы  
(келісім бойынша)

Марченко Григорий Александрович - Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің төрағасы  
(келісім бойынша)

Сәйденов Әнуар Ғалимоллаұлы - Қазақстан Республикасының  
Қаржы вице-министрі

Сартбаев Медет Мақсұтұлы - Қазақстан Республикасының  
Экономика вице-министрі

Дунаев Арман Ғалиасқарұлы - Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік қарыз алу  
департаменті директорының  
міндетін атқарушы, хатшы

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ